

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін жазылған Ушатов Марат Әбдікаламұлының «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рецензенттің

ПІКІРІ

1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен(практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Біздің қоғамдағы демократиялық бастаулардың дамуы тұлғаның жекелей түрде өзін-өзі таныту жолдары мен стратегияларын еркін таңдау, жеке-дара даму, азаматтық қалыптасу нұсқаларын іздеу үшін нақты жағдай туғызды. Бұл жаңа педагогикалық ойлау, педагогикалық өзара әрекеттістікті құрудың жаңа тәсілдерін, тұлғаның әлеуметтенуінің түрлі нысандарында шығармашылық ұйымдастыруды қалыптастыруды білдіреді.

Өз халқын сүйетін, өзі үшін және Отаны үшін үйлесімді, жемісті еңбекке ұмтылатын өз елінің нағыз патриотын тәрбиелеу ұйымдастырушылық қасиеттер, лидерлік қабілеттердің дамуы мен әлеуметтік бастамаларға ұмтылусыз мүмкін болмайды.

Өз қызметіне маңыздылықты беру үшін белгілі бір қабілеттерге ие болу жеткіліксіз, оларды таныта білу, жағдайды сезіне білу, сәйкес келмейтін жағдайларды өзгерте білу, объективті факторларға бейімделе білу де қажет. Ерекше маңызды мәселе болып студенттің лидерлік әлеуетін ашуға түрлі жағдайларды оңтайлы түрде ұсыну болмақ.

Сондықтан лидерлік қабілеттер мен ұйымдастырушылық дағдылар – адамның белсенділігін, жеке қабілеттерін таныту тұрғысынан ғана емес, азаматтық-патриоттық маңыздылық тұрғысынан да қалыптасатын іргетас болып табылады.

Жұмыс берушілердің жоғары оқу орнының түлектеріне қоятын ең маңызды талаптарының қатарына топта жұмыс істей білу, ұйымдастырушылық-коммуникативтілік қабілеттер мен дағдылар жатады. Анықталған талаптарды талдау заманауи еңбек нарығы өкілдерінің кәсіби даярлықтың жоғары деңгейімен қатар лидерлік әлеуетке де ие кадрларға сұранысының артуын көрсетеді. Бұл дегеніміз, ізденуші, Ушатов Марат Әбдікаламұлының «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбындағы зерттеу мәселесінің өзектілігін анықтайды.

2.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

2.1 Бірінші нәтиженің шынайылық дәрежесі - зерттеу мәселесіне орай іргелі және қолданбалы отандық, шет елдік философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерді зерделеу барысында алынғандығымен айқындалады. Оның шынайылығы зерттеушінің студенттердің лидерлік әлеуетін дамытуға бағытталған әдіснаманың біртұтастық, іс-әрекеттік, жүйелілік, акмеологиялық, аксиологиялық, синергетикалық тұғырларын тірек ете отырып, философия, психология мен педагогика ғылымдарының ғылыми қорындағы жетістіктер негізінде сипаттама берілуі арқылы дәлелденеді.

2.2 Екінші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі - отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу мәселесін зерттеу аясында «лидер», «әлеует» ұғымдары қазіргі заманғы тұлғаға қойылатын әлеуметтік-экономикалық талаптар аспектіндегі сипатталуымен айқындалады. Ізденуші аталмыш ұғымдардың психологиялық-педагогикалық тұрғыда мәнін ашып, «студенттердің лидерлік әлеуеті» ұғымын нақтылаған.

2.3 Үшінші нәтиженің шынайылық дәрежесі - педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың моделінің жасалуымен дәлелденді. Модельде қарастырып отырған мәселе бойынша мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттері, көрсеткіштері, сондай-ақ, студенттердің лидерлік әлеуетін дамытудың жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған.

2.4 Төртінші нәтиженің шынайылық дәрежесі – педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытуға бағытталған әдістеме «Лидерлік» атты элективті курс бағдарламасының, студенттерге арналған «Көшбасшылар» клубының ережесі, бағдарламасының, Абай атындағы ҚазҰПУ сайтындағы «Көшбасшылар» клубының электронды парақшасы (клуб ережесі, жоспары, әлем және Қазақстан көшбасшылары, бейне материалдар, хабарландырулар және т.б.) жұмысы ұйымдастырылуымен дәйектеледі. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытуға ғылыми тұрғыда негізделген әдістеме жасалынып, тәжірибеде сынақтан өтті.

3.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Диссертанттың зерттеу жұмысының шынайылығы - педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту секілді күрделі әрі өзекті мәселені нәтижелі ету теориялық, әдіснамалық, әдістемелік тұрғыда алғаш рет зерттелініп отырғандығын атай келе, алынған әрбір ғылыми нәтиженің қорытындысына жаңалық тән деп санаймыз. Себебі, лидерлік мәселесі бойынша зерттелген ғылыми жұмыстар болғанымен, педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту мәселесі отандық ғылымда шешімін таппаған.

3.1 Бірінші нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сай жинақталған мәліметтер сарапталып, педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту мәселесі теориялық тұрғыда негізделгендіктен **жаңа** болып табылады.

3.2 Педагогикалық-психологиялық ғылыми еңбектерді талдау барысында түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «лидер», «әлеует» ұғымдары сипатталып, «студенттердің лидерлік әлеуеті» ұғымының мазмұны байытылып, нақтылануы - екінші нәтиженің **жаңалығына** дәлел болады.

3.3 Докторанттың зерттеу барысында теориялық тұрғыда - педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерден түзілген, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған моделінің жасалуы - үшінші нәтиженің **жаңалығын** көрсетеді.

3.4 Диссертант педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың ғылыми негізделген әдістемесін («Лидерлік» атты элективті курс бағдарламасы, студенттерге арналған «Көшбасшылар» клубының ережесі, бағдарламасы, Абай атындағы ҚазҰПУ сайтындағы «Көшбасшылар» клубының электронды парақшасы) жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін **жаңалық** деп санаймыз.

4.Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде және педагогикалық мамандардың біліктіліктерін жоғарылату институты (БЖИ) тәжірибелерінде пайдалануға көмегін тигізеді.

5.Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Ғылыми зерттеудің нәтижелері бойынша докторант М.Ә.Ушатовтың барлығы **13** ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның 3-уі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналында, 1 оқу-әдістемелік құрал, 8 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған. Олар:

1. Теоретические аспекты проблемы лидерства/Педагогика и психология №2, 2014, с.60-64;

2. Студенттердің лидерлік қабілетін дамытуың кейбір мүмкіндіктері / Педагогика и психология №3, 2014, С.120-124,

3. Студенттердің лидерлік қабілетін дамытуда педагогикалық үрдісті ұйымдастыру жолдары / Материалы 6 МНК молодых ученых «Казахстан в международном образовательном пространстве». КазНПУ им. Абая, 2014 23-25б.,

4. Лидерлік ұғымының мәні мен мазмұны./ «Қазақстанда және әлемде мектепке дейінгі білім беру: тәжірибе, қазіргі жағдайы және болашағы» атты ХҒПК материалдары, Алматы 2014, 483-485 б.

5. ЖОО жағдайындағы тұлғаның лидерлігін қалыптастыру мәселесі / Материалы МНПК «Воспитательная работа в современном вузе» Костанай, 2014, 496-499б.

6. Opportunities of higher school in students' leadership development/ Mediterranean Journal of Social Science . -Rome-Italy.-2015. - Vol. 6.-№ 3.- P.187-192. *SJR_2013:0,145 (Scopus)*,

7. Лидерлік көпқырлы ұғым ретінде/ Третья МНПК «Актуальные проблемы права, экономики и образования на современном этапе: теория и практика» Алматы КазНПУ им. Абая 12 марта 2015.- Б. 397-399

8. Студенттердің лидерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі / Вестник серия Педагогические науки №3(47), 2015,-Б. 141-144.

9. Толерантность как необходимое качество современного лидера/ «Еліміздегі және әлемдік білім-ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, 2016, 534-535б.

10. Тұлғаның лидерлігін анықтаудың диагностикасы / Материалы 8 МНК молодых ученых «Казахстан в международном образовательном пространстве». КазНПУ им. Абая, 2016, 249-252б.

11. Педагогикалық ЖОО студенттерінің лидерлік әлеуеттерін дамытудың әдістемелік жүйесі / «Бәсекеге қабілетті маманның ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Түркістан 2016, 19-22б.

12. ЖОО студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың ғылыми-теориялық негіздері. / Оқу-әдістемелік құралы. Алматы, 2016- 48 б.

13. Сущность понятия «лидерский потенциал» в трудах зарубежных и казахстанских ученых./ Материалы XI МНПК «Психология и педагогика: актуальные вопросы» г. Санкт-Петербурга: 2016. – С.5-8

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Ушатов Мараттың докторлық диссертациясы өз бетімен жазылған, толық аяқталған жұмыс деп есептейміз. Докторант қойылған мақсат пен міндеттерді толық шеше білген. Ғылыми жұмыстың құнды идеялары басым болғанымен, диссертациялық жұмыста келесідей кемшіліктер мен ұсыныстар кездеседі:

1. Диссертациялық жұмыстың 27-30 беттердегі 3-кестедегі Ғалымдардың еңбектеріндегі «лидер», «лидерлік» ұғымдарының контент-талдауындағы шетелдік зерттеушілердің еңбектері мен қоса отандық ғалымдардың зерттеулеріне кеңінен тоқталса, контент-талдаудың мазмұны кеңінен талдана түсер еді.

2. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытуға байланысты тәжірибелік-эксперименттік бөлімде білім алушылармен жұмыс жасау барысында кездескен кедергілер мен қиындықтарды нақтырақ сипаттаса, жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

3. Диссертация рәсімделуінде стильдік және техникалық қателер кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар зерттеу жұмысының жалпы мазмұнына нұқсан келтірмейді, диссертациядағы жалпы нәтижелерінің теориялық және практикалық ғылыми құндылығын төмендетпейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Докторант М.Ә.Ушатовтың 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін жазылған Ушатов Марат Әбдікаламұлының «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының ғылымилығы мен көкейкестілігі күмән келтірмейді. Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс деп танымыз.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығы ҚР БЖҒМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, оның авторына Ушатов Марат Әбдікаламұлына 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша Философия докторы /Ph.D/ дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Рецензент, «Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығы» ЖШС-нің құрылтайшысы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор



Т.М.Баймолдаев